

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 74 "Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі Абай елді мекені Бейбітшілік көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 тамыздағы № 90 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 тамызда № 5174 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мақтарал аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 02-03/382 ұсынысы негізінде, Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Иттің құтырық ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі, Абай елді мекені Бейбітшілік көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 74 "Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі Абай елді мекені Бейбітшілік көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5095 болып тіркелген, және 2019 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Жетісай ауданының "Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Жетісай ауданының әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жетісай ауданы Ж.Ералиев
ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

Б. Оспанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК